

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Джекебаева М.А.¹

¹Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, филос.ғ.к., доцент,
Алматы, Қазақстан, 81makpal@mail.ru

Насырова М.Ю.²

²Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, филос.ғ.к., доцент
Алматы, Қазақстан, madina_76@inbox.ru

Досжанова А.И.³

³Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ аға оқытушысы, магистр
Алматы, Қазақстан, akmaral.doszhanova@mail.ru

Аңдатпа. Мақаланың мазмұны рухани жаңғырудың мақсатын жан-жақты сипаттайды, ұлттық бірегейлікті сақтау жолдары, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлестіру, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу жолында халқымызды қандай жолдар мен мақсат міндеттер тосып тұр осы туралы мәліметтер кеңінен келтірілді. Рухани жаңғыру үдерісі дер кезінде қабылданған оң шешім деп танылады. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемелденген ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті екені сөзсіз.

Қазақстан Республикасының бірқатар мемлекеттік бағдарламалары халықтың әл-ауқатын жақсарту және мемлекеттердің өзін нығайту мақсатында, оның ішінде халықаралық аренада экономикалық және әлеуметтік-саяси салаларды дамытуға негізделген. Ал халық бірлігі үшін қоғамдық сананы жаңғырту идеясы - Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы аса маңызды жоба.

Тірек сөздер: рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлік, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Тұңғыш Президент Н. Ә. Назарбаев ұсынған және Қазақстан халқы тарапынан қолдау тапқан бағдарлама: «Рухани Жаңғыру» - барша қазақстандықтарды ел бірлігі, ел мүддесіне жұмылдыратын, қазіргі заман талаптарына сәйкес болуды ұлттың рухани бастауларымен үйлесімді тоғыстыра алатын қоғамдық сананы жаңғыртудың және оны жаһандық өркениеттегі жоғары даму көкжиегіне көтеру мақсатына бағытталған.

Н. Ә. Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке - жеке тоқталады.

«Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;

6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл - парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз [1, 25-б.].

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Өзгерістер – бұл ғалам мен қоғамның мәңгілік заңдылығы. «Барлығы ағынды, барлығы өзгереді» – деп, дүниенің диалектикалық сипатына назар аударған ұлы Гераклиттің дүниетанымы мен ата-бабамыздың «Өмір – өзен» философиясы қалай үндес келеді десеңізші. Жаңа уақыт, жаңа әлем. Жаңа әлемде жаңа ғасырға қадам басқан жаңа Қазақстан. Бүгінгі күннің ақиқаты, мүмкіндіктері мен болашағы, қазақ халқының рухани дамуы, осы ауқымды проблемалар Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына негізгі арқау болып отыр.

Жаңа кезеңге ұсынылған Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын амалға асырудың нақты бағыттары мен міндеттері қандай? Бүгінгі жаһандану заманында қоғам дамуының басты критерийі – жалпы адамзаттық құндылық – адам және оның бостандығы [2, 79-б.].

Рухани жаңғыру дегеніміз тарихи тұрғыдан алғанда кертартпа, тоқыраушыл және догмалық дүниетаным мен ұстанымдарды сыншыл сараптап, оларды сергітуге бағытталған және кез келген модернизациялық процестің бастауында тұратын, гуманитарлық және ұлттық жоба. Кезінде Батыс еуропа ұлты мұндай жаңғыруды Қайта өрлеу дәуірінен бастап

антропоцентристік көзқарасты паш етті және адамның өз алдына дербес гуманитарлық құндылық екендігі жайында жаңа құндылықтар кешенін жаратты. Осы орайда айта кетуіміз керек, италиандықтар өнерде ғана алға шығып қойған жоқ, XV ғасырға тиесілі әлем ғалымдарының тең жартысы осы ұлт өкілдерінен еді. Бұл модернизациямен қатар «егіздің сыңарындай» дамитын басты феноменнің бірі – ғылым екендігіне де назар аудару қажет.

Сондықтанда, Елбасы мақаласындағы қазақстандық «Рухани жаңғыру», ең аз дегенде өзара байланысты, бірін-бірі болжайтын мына басты төрт сұрақтың өзара байланысты жүйесін қамтиды.

Біріншіден – барлық қоғам мен азаматтардың бірегей мықты жалпықазақстандық азаматтық қоғам орнату мұратына жетуіміз керек деген айнымас мақсат жолында жұмылуы және осы идеяны саналы сезінуі.

Екіншіден, жалпықазақстандық азаматтық қоғамды ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік тілге деген құрмет негізінде құру.

Үшіншіден, жалпықазақстандық азаматтық қоғамды құруда интеллектуалды әлеуеті жоғары жас ұрпақты тәрбилеу және соған жағдай туғызу мәселелері. Төртіншіден, жалпықазақстандық азаматтық қоғамның «Мәңгілік ел» аталатын өркениеттік құбылысқа ұласуы үшін мемлекеттік тілде ұлт мүддесіне қызмет ететін төл философиялық жүйені қалыптастыру міндеті [3,42-б.].

Президент Н.Ә. Назарбаев Рухани жаңғыру аясында жазылған мақаласы мен барлық еңбектерінде қазақстандық қоғамның барлық өкілдеріне таяу жылдарда орындалуы тиіс нақты міндеттер мен жобаларды ұсынды.

Жоғарыдағы бөлімдерде атап өткендей, Президент Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қазақстандық қоғамда кең резонанс туғызғаны мәлім. Әлеуметтік желілердегі кең талқылау және қазақстандықтардың көптеген ой-пікірлері мен қолдауы білдірілген жаңалықтар таспалары – Елбасы бастамашы болған іргелі өзгерістердің қазіргі заман талабына сай келетіндігінің және қазақстандық қоғам тарапынан сұранысқа ие екендігінің жарқын куәсі.

Осы жалпы міндеттерді жеке-жеке талдап таяу жылдарға арналған міндеттерді бөліп көрсетейік.

Рухани жаңғырудың таяу жылдарға арналған міндеттері мен жобалары:

1) бейімделу кезеңінде кириллицаны қатар қолдана отырып, қазақ тілін латын қарпіне кезең-кезеңімен көшіру немесе осы жоба арқылы қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту және оны дамыту;

2) «әлемнің 100 үздік оқулығы» жобасын іске асыру арқылы әлеуметтік және гуманитарлық білімге назар аудару немесе жаһандық ауқымдағы білім саласында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлауға арналған платформаны қамтамасыз ету;

3) өлкетанулық негізде ұйымдастырылған «Туған жер» бағдарламасы арқылы патриотизмді қалыптастыру;

4) жаһандық әлемдегі жетістіктерге негізделе отырып заманауи қазақстандық мәдениетті дамыту және оны әлемге паш ету;

5) «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы арқылы халықтың санасына — жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру және тарихи географиялық құндылықтарды дамыта түс;

6) «Қазақстанның жаңа 100 тұлғасы» жобасы арқылы азаматтарға елдің дамуына салмақты үлес қосқан Тәуелсіздіктің шынайы замандастарының тарихын таныстыру [4, 39-б.].

Біртұтас Ұлт болу үшін қоғамдық сананы жаңғыртуды мақсат еткен идея тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең маңызды жоба болып отыр. Тәуелсіздік алған бірінші күннен бастап мемлекеттік бағдарламалардың бәрі экономиканы, әлеуметтік және саяси салаларды дамытуға негізделсе, «Рухани жаңғыру» тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын, салт-дәстүрін жаңғыртпақ.

Атап айтқанда Президент Н.Ә. Назарбаев тарапынан жоғарыда ұсынылған 6 арнайы жоба бойынша төмендегі нақты жобаларды дайындау және жүзеге асыру міндеттері белгіленді :

1. Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру;
2. Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алу;
3. Үшіншіден, «Туған жер» жобасы бойынша жұмыс жүргізу;
4. Төртіншіден, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын дайындау және оны іске асыру;
5. Бесіншіден, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы арқылы қазақстандық жетістіктерді әлемге таныту;
6. Алтыншыдан, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын жүзеге асыру [5, 133-б.].

Рухани жаңғыру құбылысына осы аталған жобалардың барлығы түрлі жағдайда түрлі салаларда қызмет етуі мүмкін және олар түрлі саладағы қоғам мүшелері тарапынан қамтамасыз етілуі қажет деген сөз.

ӘДЕБИЕТ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы // Егемен Қазақстан.- 2017. - 18 сәуір.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік». - Астана: Елорда, 2017.

3 Шаймарданова З.Д. Зарубежные эксперты о политике Казахстана по возвращению этнических казахов // Матер. Междунар. науч. конф. «Казахская диаспора Центральной Азии: история – культура – памятники». 5.12.2014. – Алматы, 2014.

4 Шаймарданова З.Д. Трансформация подходов к обеспечению безопасности // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана”, серия

5 Айдарбеков З.С., Хайруллаева В.Х. Рухани жаңғыру. Монография. - Алматы, 2019.

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublkasının Prezidenti N.A.Nazarbaevtin «Bolashaqqa bagdar: Ruhani jangıru» bagdarlamalı makalası (Program article of the president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev "looking to the future: modernization of public consciousness"). Egemen Qazaqstan.- 2017. - 18 sauir.

2 Qazaqstan Respublkasının Prezidenti N.A.Nazarbaevtin Qazaqstan halqına Joldaı. Qazaqstannın Ushinsh jangıruı: Jahandıq basekege qabiletilik (Address of the president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. "Third Modernization of Kazakhstan: Global Competitiveness). - Astana: Elorda,2017.

3 Shaimardanova Z.D. Zarubezhnyye eksperty o politike Kazakhstana po vozvrashcheniyu etnicheskikh kazakhov (Foreign experts on the policy of Kazakhstan on the return of ethnic Kazakhs). Mater. Mezhdunar. nauch. konf. «Kazakhskaya diaspora Tsentral'noy Azii: istoriya – kul'tura – pamyatniki». 5.12.2014. – Almaty, 2014.

4 Shaimardanova Z.D. Transformatsiya podkhodov k obespecheniyu bezopasnosti (Transforming security approaches). Izvestiya KazUMOiMYa imeni Ablai khana”, seriya “Mezhdunarodnyye Otnosheniya i Regionovedeniye”. - 2018. - № 4.- P.7-13.

5 Aydarbekov Z.S., Khayrullayeva V.Kh. Rukhani zhangyru (Spiritual revival). Monografiya. - Almaty, 2019.

СОЦИАЛЬНО-ФИЛОСОФСКОЕ СОДЕРЖАНИЕ ПРОГРАММЫ ДУХОВНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ

Джекебаева М.А.¹,

¹к.филос.н., доцент КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан, 81makpal@mail.ru

Насырова М.Ю.²

²к.филос.н., доцент КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан, madina_76@inbox.ru

Досжанова А.И.³

³ст преп., магистр КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан, akmaral.doszhanova@mail.ru

Аннотация. В содержании статьи подробно описаны цели духовного обновления, пути сохранения национальной идентичности, мира и согласия в стране, национального процветания, единства, торжества и успеха. Процесс духовного обновления признан положительным решением, которое необходимо вовремя перестроить. Благородная мечта Президента - быть конкурентоспособной, всемирно известной и духовно зрелой страной. Таким образом, инициатива Президента дать молодежи новый импульс - это попытка подготовиться к будущему.

Ряд государственных программ Республики Казахстан основан на развитии экономической и социально-политической сфер в целях улучшения благосостояния народа и укрепления самого государств, в том числе и на международной арене. А Идея модернизации общественного сознания во имя единения народа - важнейший проект в истории независимого Казахстана.

Ключевые слова: духовное обновление, конкурентоспособность, прагматизм, национальная идентичность, торжество знаний, эволюционное развитие Казахстана, открытость сознания.

SOCIO-PHILOSOPHICAL CONTENT OF THE PROGRAM "SPIRITUAL REVIVAL"

Jekebayeva M.A.¹

¹c.philos.sc., assoc.proffessor Ablai Khan KazUIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, 81makpal@mail.ru

Nasyrova M.U.².

²c.philos.sc., assoc.proffessor Ablai Khan KazUIRandWL
Almaty, Kazakhstan, madina_76@inbox.ru

Doszhanova A.I.³

³senior teacher, Master Ablai Khan KazUIRandWL
Almaty, Kazakhstan, akmaral.doszhanova@mail.ru

Abstract. The content of the article describes in detail the purpose of spiritual renewal, ways to preserve national identity, peace and harmony in the country, national prosperity, unity, prosperity, unity, prosperity, prosperity and unity. The process of spiritual revival is recognized as a timely and positive decision. It is the noble dream of the President to become a competitive, world-renowned and developed spiritually mature country. Thus, the President's initiative to give young people a new impetus is an attempt to prepare for the future.

A number of state programs of the Republic of Kazakhstan are based on the development of economic and socio-political spheres in order to improve the well-being of the people and strengthen the state itself, including in the international arena. And the idea of modernization of public consciousness in the name of unity of the people is the most important project in the history of independent Kazakhstan

Keywords: spiritual revival, competitiveness, pragmatism, national identity, the triumph of knowledge, the evolutionary development of Kazakhstan, openness of consciousness.

Статья поступила 1.12.2020